

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Ана -өмірдің гүлі»

мерекелік іс шара сценарийі



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

I жүргізуші

Асыл анам, нұр шашқандай келбетің,

Сенсіз басып жүре аламба жер бетін?
Бір қолыңмен балаң жатқан бесікті
Бір қолыңмен ұлы әлемді тербеттің

II жүргізуші

Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Ананың қадірі сонда, ол мейіріміне ақы сұрамайтын жалғыз жан, әрдайым бала дегенде елжіреп, соның ғана тілеуін күні-түні тілеп отыратын асыл адам.

I жүргізуші

Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Міне, жыл аралатып көктемнің алғашқы күндерімен келетін 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен аналар мерекесі бұл.

II жүргізуші

Құрметті ұстаздар! 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі құтты болсын! Әрдайым мейірім шуағын шашып жүре беріңіздер. Бүгінгі «Ана - өмірдің гүлі» атты мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

I жүргізуші

Ана десем шешек ашып жанары,
Өмірімнің бастау алар ажары.
Ана деген тіршілікке пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады.
Мерекелік құттықтау сөз құрметі мектеп директоры Орынбаева Жанил Анишовнаға беріледі.

II жүргізуші

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,
Кең құшағың аясындай гүл бақтың.

Ән: Ана

I жүргізуші

Аяулысың, ауылымның асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,
Сендер үшін мереке шашулары.

Ортаға «Құдаша» биімен жас ұстаздарымызды шақырамыз.

II жүргізуші

Ару — Ана өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.
Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,
Сендер үшін мереке шашулары.

Құттықтау сөз кезегін Қалқаман Жұмағалиевич, Марат Нурмаханович, Сағат Жусипбекович, Мейрамбек Полатовичтарға беріледі.

I жүргізуші

Әйелдерді еркектерден көп дейді.
Ойбай,
Ойбай!..
Бола берсін көп, мейлі!
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Әдемілік бізге көптік етпейді...-деп Мұқағали ақын жырлағандай
Ортаға «Флешмоб» биімен жас ұстаздарымызды шақырамыз.

II жүргізуші

Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды
Сен деп жаздым алғаш өлең-дастанды
Қуандым ба, өзің бар деп қуандым,
Жыладым ба, өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де, ана бір өзіңнен басталды.
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
Жасқандым ба, тек өзіңнен жасқандым.

I жүргізуші

Ержанова Жазира мен Саттар Гүлбанудың орындауында «Мама» әнін қабыл алыңыздар!

Әйгерім Бұзаудың орындауында «Хорезм» биін қабыл алыңыздар!

II жүргізуші

Қыз сұлу көрінеді өрнегімен,
Тізілтіп сөз маржанын тергенімен.

Майысып бұратылып, майда басып.
Жаныңа наз қылықпен келгенімен
Дарытқан бар асылды өз елінен,
Қыз сұлу көрінеді өнерімен.
Құлпырады мектебімнің арулары,
Өткендей сұлулықтың елегінен.
Назым мен Бекзаттың орындауында «Тау-тау сезім!» әні

I жүргізуші

Ана десем шешек ашып жанары,
Өмірімнің бастау алар ажары.
Ана деген тіршілікке пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады

Құттықтау сөз кезегін мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрайымы
Жайлыбаева Лиза Куванишбаевнаға беріледі.

II жүргізуші

Аяулы ұстаздар! Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттық нұрын
себесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз әркімнің жүрегіне сенімділік ұялатып,
шуақ сыйлайды. Осы айрықша қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елге
ырыс-құт дарысын! Амандықта жүздескенше! 8 наурыз мейрамы құтты
болсын! Бүгінгі «Ана - өмірдің гүлі » атты шағын ғана мерекелік кешіміз өз
мәресіне жетті. Шуақты күндерде кездескенше! Сау болыңыздар!

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы 8 Наурыз**

Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай өткізілген «Ана - өмірдің гүлі» атты іс-шараның

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Әйел-Ана, Әйел-Өмір, Әйел-тіршілік өзегі. Өмір бесігінде іңгә тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашанда қастерлі, сөзі-өсиет, тұғыры биік. Алтын құрсағынан адамзаттың алабы жаратылған асыл ананың жүрегі үлкен, жүзі мейірімді, қолы қайырымды. Көңіл шуағына мейірім төгілген аяулы жанның өмірден алар несібе жемісі-алтын босағасы мен сүйкімді перзенті болар. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызыңнан құтыла алмайсың» деген ұлы ғұламалардың сөзі бар. Шынымен солай. Адамзат жүріп өткен небір ауыр жол, алмағайып заманнан ұрпағын аман-есен бүгінгі күнге жеткізген әйел-ана құдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлпештеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Ана - болашақтың демеушісі, ұлттың жебеушісі, сәбилердің бақыты.

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Әрбір арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз ұстаздарға арналды. Бүгін мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қиқынбаев және мектебіміздің ер мұғалімдердің ұйымдастыруымен «Ана - өмірдің гүлі» атты мерекелік концертіміз болып өтті. Мектебіміздің 11 сынып оқушылары өздерінің жүрек жарды тілектерімен аяулы ұстаздарымызды қарсы алып, ыстық лебіздерін білдірді. Мерекелік іс шарада мектеп директоры Жанил Орынбаева ұстаздарға арнап құттықтау сөз сөйлеп, қазақ тілі пән мұғалімі Баумышева Гүлстан, ДОІЖО Маткасимова Саёра мен Толаева Несібелі, еңбек пәні мұғалімі Асанова Марина, т.б ұстаздарды мақтау қағазымен

марапаттады. Сонымен қатар Абай, Қалқаман бастаған ағайларымыз мектебіміздің аяулы ауру ұстаздарына өздерінің ыстық ықыластарымен, гүл шоқтарын бере отырып, ыстық лебіздерін білдірді. Жас мамандар мерекелік іс шарада өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік концерт көпшіліктің көңілінен шықты. Іс шара соңында мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрайымы Жайлыбаева Лиза Куванишбаевнаға ұстаздарға арнап құттықтау сөз сөйлеп Назым Ақберді, Ержанова Жазираны, Бұзау Әйгерімді мақтау қағазымен марапаттады.

Аналар адамды бесігімен баулиды... Өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады. «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп, ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді. Егер де бір үйде қыз бала дүниеге келсе, береке, молшылық, бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі деп жорыған екен. Отбасы-шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ мемлекеттің құт берекесі. Әйел-ана отбасы жылуын сақтаушы, қоғамның ертеңі болашақ балаларды тәрбиелеуші. Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады.

